

## Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге арналған салық ставкалары туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2013 жылғы 23 мамырдағы № 107 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 2 шілдеде № 4168 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2018 жылғы 13 ақпандағы № 156 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 23.02.2018 № 156 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 381-бабына, 386-бабының 3-тармағына сәйкес Арқалық қалалық мәслихаты

### **ШЕШТІ:**

1. Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарына байланысты автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық ставкалары мөлшерінің ұлғаюы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес белгіленсін.

3. Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген басқа санаттағы жерлерге салықты есептеу кезінде жерлеріне базалық ставкалары қолданылатын Арқалық қаласы жақын жатқан елді мекен болып айқындалсын.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Арқалық қалалық  
мәслихатының кезекті  
VI сессиясының төрайымы*

*К. Джанабаева*

*Арқалық қалалық  
мәслихатының хатшысы*

*Н. Шалдыбаев*

### **КЕЛІСІЛДІ:**

"Қазақстан Республикасы қаржы  
Министрлігі Салық комитетінің  
Қостанай облысы бойынша Салық  
департаментінің Арқалық қаласы  
бойынша салық басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Б. Алмағамбетов  
"Арқалық қаласы әкімдігінің  
экономика және бюджеттік  
жоспарлау бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы  
\_\_\_\_\_ Н. Гайдаренко

Мәслихаттың  
2013 жылғы 23 мамырдағы  
№ 107 шешіміне 1-қосымша

### **Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары**

№	Автотұрақтардың (паркингтердің) түрлері	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары
1	Ашық түрдегі автотұрақтар (паркингтер), жабық түрдегі жер үсті автотұрақтар (паркингтер)	1
2	Пандустары (рампалары) бар автотұрақтар (паркингтер)	2
3	Механикаландырылған автотұрақтар (паркингтер)	3

Мәслихаттың  
2013 жылғы 23 мамырдағы  
№ 107 шешіміне 2-қосымша

### **Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарына байланысты автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық ставкалары мөлшерінің ұлғаюы**

№	Автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары	Базалық салық ставкаларының ұлғайтылған мөлшерлері
1	1 санат	10 есе
2	2 санат	9 есе
3	3 санат	8 есе